

## Біржолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 7-57-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 19 мамырда N 14-15-58 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы N 16/113-IV Шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2009.02.19 N 16/113-IV Шешімімен.*

2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 373 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы "Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығына сәйкес аудандық м ә с л и х а т

### **Ш Е Ш Т І :**

1. Біржолғы талонның төлемақы ставкалары N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. N 2 қосымшаға сәйкес Шардара аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Р. Қарабаева*

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т*

*хатшысы*

*Т. Бердібеков*

*Шардара аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 23 сәуірдегі*

*N 7-57-IV шешіміне N 1 қосымша*

### **Біржолғы талонның төлемақы ставкалары**

N	Қызметтің түрі	Өлшем бірлігі	Біржолғы талонның мөлшері (теңге)
1	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы):		
1)	Газеттер мен журналдар		50

		1 күнге	
2)	Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)	1 күнге	100
3)	Бақша дақылдары	1 күнге	200
4)	Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер	1 күнге	150
5)	Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері	1 күнге	100
6)	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп	1 күнге	100
7)	Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық	1 күнге	200
2	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	1 күнге	200
3	Жолаушылар (лицензиялы тасымалдардан басқасы) тасымалдау бойынша жеке жеңіл автомобильдері иелерінің қызмет көрсетулері:		
1)	Қала, аудан ішінде	1 күнге	50
2)	Ауданнан тыс жерлерге	1 күнге	100
4	Үй жануарлары мен құстарды жаю:		
1)	Құстарды жаю	1 күнге	30
2)	Жылқы, қара мал жаю	1 күнге	50
3)	Қой, ешкі жаю	1 күнге	100

**Шардара аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 23 сәуірдегі N 7-57-IV  
шешіміне N 2 қосымша**

1. Аудандық мәслихаттың 2002 жылғы 1 наурыздағы "Біржолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" N 15-133-II шешімінің (облыстық әділет басқармасында N 539 тіркелген, 2002 жылғы 22 мамырдағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

2. Шардара аудандық мәслихатының 2005 жылғы 19 қаңтардағы "Шардара аудандық мәслихатының 2002 жылғы 1 наурыздағы N 15-133-II "Біржолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" (Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде N 1689 тіркелген, 2005 жылғы 11 ақпандағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

3. Шардара аудандық мәслихатының 2006 жылғы 16 наурыздағы "Шардара аудандық мәслихатының 2002 жылғы 1 наурыздағы N 15-133-II "Біржолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" (Шардара аудандық әділет басқармасында N 14-15-25 тіркелген, 2006 жылғы 26 мамырдағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

4. Шардара аудандық мәслихатының 2006 жылғы 19 желтоқсандағы " Шардара аудандық мәслихатының 2002 жылғы 1 наурыздағы N 15-133-II " Біржолғы талонның төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" (Шардара аудандық әділет басқармасында N 14-15-35 тіркелген, 2007 жылғы 18 -25 қаңтардағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК